

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы және

Гүлжан Жанпейісқызы!

Құрметті депутаттар және шақырылғандар!

Қаржы министрлігі «Оңалту және банкроттық туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне банкроттық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарының жобаларын әзірледі. Банкроттық туралы заңның жаңа редакцияға енгізілуінің себебі заң жобасын дайындау барысында енгізілетін өзгертулердің көлемі қолданыстағы заң редакциясының 50%-ынан асып түсті. Осыған орай екі заң жобасы (негізгі және ілеспе) әзірленді.

(1-слайд). Заң жобасының тұжырымдамасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 923 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-шаралар жоспарына сәйкес әзірленді.

Заң жобалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылы 30 желтоқсанда № 1680 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2012 жылға арналған жоспарына сәйкес әзірленді.

1. «Оңалту және банкроттық туралы» заң жобасы

(2-слайд) Негізгі өзгерістер мыналарға сүйенеді:

- **Заң атауының өзгеруі (3-слайд)**

«Банкроттық туралы» деген қолданыстағы атауы бастапқыдан бизнес субъектілерді таратуға бағдарлайды, бұл ретте заң іс жүзінде оңалту рәсімін басымдылық ретінде көздейді. Мысалы, бүгінгі таңда заңда оңалту рәсімінің екі

түрі көзделген: жеделдетілген (сотқа жүгінгенге дейін кредит берушілермен келісілген оңалту жоспарының негізінде енгізілетін) және қарапайым оңалту рәсімі (оңалту рәсімін енгізгеннен кейін жоспарды әзірлеу және келісу мүмкіндігін көздейтін).

- **Кредит берушінің өтініші бойынша қозғалған соттың банкроттық туралы істі қарау сатысында борышкердің қаржылық жағдайы туралы мәліметтерді жинауды міндетті түрде жүзеге асыруды енгізе отырып, сыртқы бақылау рәсімін алып тастау (4-слайд)**

Сыртқы бақылау рәсімі Дүниежүзілік банк сарапшыларының ұсынымдары негізінде алынып тасталды, өйткені тиімсіз болып табылады және борышкердің төлем қабілетсіздігін нақты шешуге әкеп соқтырмайды. Бұдан басқа, осы рәсім банкроттық туралы іс қозғалмай енгізілетіндіктен, іс жүзінде кәсіпорын қызметіне сыртқы бақылау әкімшісінің араласуы болып отыр. Сонымен қатар, банкроттық рәсіміне міндеттеріне борышкердің қаржылық жағдайы туралы мәліметтер жинау кіретін уақытша басқарушының кандидатурасын енгізу, сотқа борышкердің кредиторы өтінішпен жүгінген кезде банкрот деп тану туралы шешімге барынша негізді қарауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, талаптар тізілімін қалыптастыру рәсімін жеделдету мақсатында уақытша басқарушының міндеттерінде банкроттық туралы іс қозғалғаннан кейінгі (қолданыстағы редакцияда банкроттықты тану туралы соттың шешімі қабылданғаннан кейін) кредиторлардың талаптарын қабылдау көзделген.

- **Борышкердің лауазымды тұлғаларының жауапкершілігін күшейту (5-слайд)**

Мынадай жағдайларда борышкердің лауазымды тұлғаларын субсидиарлық жауапкершілікке сот тәртібімен тарту мүмкіндігі енгізіледі:

- ✓ мүлкінің меншік иесі, оған уәкілетті орган, құрылтайшылар немесе заңды тұлғаның құзыретті органы оны тарату туралы шешім қабылдаған, ал мүліктің

құны толық көлемде кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болған жағдайда борышкерді банкрот деп тану туралы сотқа жүгінбеу;

✓ егер бір кредитордың немесе бірнеше кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру борышкердің ақшалай міндеттемелерін немесе міндетті төлемдерді және (немесе) басқа кредиторлар алдындағы басқа төлемдерді төлеу міндеттерін орындау мүмкін еместігіне әкеп соқтырған жағдайда, борышкерді банкрот деп тану туралы сотқа жүгінбеу;

✓ борышкердің төлем қабілетсіздігінің басталғаны туралы білген немесе білуі тиіс сәттен бастап, алты ай ішінде борышкерді банкрот екенін тану туралы сотқа жүгінбеу;

✓ әкімшіні тағайындаған күннен бастап үш жұмыс күні кезеңінде сотқа және әкімшіге қаржы-шаруашылық қызметі туралы ақпарат ұсынбау;

✓ оңалту басқарушыны тағайындаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оған құрылтайшы құжаттарды, есептік құжаттамаларды, мөрдi, мөртанбанды, материалдық және өзге құндылықтарды ұсынбау;

✓ уақытша басқарушыны тағайындаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оған есепке алу құжаттамасының көшірмесін ұсынбау;

✓ қасақана және жалған банкроттық үшін лауазымды тұлғаларды жауапкершілікке тарту;

Осы нормаларды енгізу қасақана банкроттық жағдайларын қысқарту қажеттілігіне байланысты. Іс-тәжірибеде банкрот кәсіпорындардың 90%-ының мүлкі жоқ, есептік құжаттамасы жоқ, бұл ретте көбіне активтері шығарылған және оны қайтару мерзімінің ұзақтығы да өтіп кеткен, құжаттарының болмауынан талдау жүргізу мүмкін емес. Осыған орай заң талаптарын орындамаған кезде субсидиарлық жауапкершілік енгізіледі.

• Банкроттық рәсiмiнде кредиторлардың жиналысы институтын енгізу, кредиторлардың дауыс беру қағидаларын өзгерту (6-слайд)

Жобада банкроттық рәсiмде кредиторлар жиналысы институтын енгізу көзделеді. Бұл рәсiмді жүргізу кезінде шешiм қабылдауға барлық кредиторларды

жұмылдыруға мүмкіндік береді. Бұл ретте дауыс беру «1 теңге = 1 дауыс» қағидасымен жүргізілетін болады. Бұл ұстаным анағұрлым әділ тәсіл болып табылады, өйткені кредиторлар комитетіндегі қолданыстағы дауыс беру тәртібі (1 кредиторлар комитетінің мүшесі – 1 дауыс) ешқандай тәуекелге бармай ұсақ кредиторларға борышкерлер немесе басқарушының мүддесін қорғауға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл оналту рәсімінде іске асырылды (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру бойынша 2012 жылдың ақпан айында заңға енгізілген өзгерістер шеңберінде) және халықаралық тәжірибе мен Дүниежүзілік банктің ұсыныстарына негізделген.

Кредиторлардың қолайлылығы үшін кредиторлардың жиналысына қатыса алмаған жағдайда сырттай дауыс беру мүмкіндігі көзделген. Сондай-ақ басқарушының ағымдағы қызметін бақылайтын кредиторларға орган құрамын дербес анықтауға мүмкіндік беретін кредиторлар комитетін құру кредиторлар жиналысына бекітіп берілген.

- **Басқарушыға қосымша сыйақы есептеу және төлеу тәртібін өзгерту (7-слайд)**

Кредиторлар және банкроттық басқарушының тарапынан қосымша сыйақыны төлеу мәселесін қарау кезінде теріс пайдалану жағдайларын болдырмау мақсатында Жобада оны есептеу және төлеу тәртібін өзгерту көзделген.

Атап айтқанда:

- ✓ төлеу туралы шешім қабылдауды тиісті кезек кредиторларына бекіту туралы шешім қабылдау. Бұл ретте шешім кредиторлардың дауыс беруімен қабылданатын болады;
- ✓ қосымша сыйақы төлеу кредиторлардың қаражаты немесе оларға тиесілі төлемдердің есебінен жүргізілетін болады.

Сондай-ақ басқарушылардың жұмысын ынталандыру мақсатында мынадай жағдайларда борышкердің мүлкінен жүзеге асырылатын кредиторлардың

мақұлдауын алу қажеттілігісіз қосымша төлемдер көзделген (ең жоғары мөлшер шектелді):

- ✓ іске асыру сомасының 1%-ы мөлшерінде банкроттың мүлкін бірыңғай топтама ретінде өткізу;
- ✓ іске асыру сомасының 1%-ы мөлшерінде ағылшын әдісі бойынша банкрот мүлкін өткізу;
- ✓ банкроттық басқарушы үшін іске асыру сомасының 2%-ы және оңалту басқарушы үшін 3%-ы мөлшерінде заңсыз шығарылған мүлікті қайтару;
- ✓ өндірілген дебиторлық берешек сомасының 2%-ы мөлшерінде банкроттық басқарушы үшін және оңалту басқару үшін 3%-ы мөлшерінде дебиторлық берешекті өндіріп алу.

Бизнес-процестерді басқару және оны банкроттық рәсімін жүргізу кезінде келісу жөніндегі құқықтарды кредиторларға беру (8-слайд)

Дүниежүзілік банк сарапшылары дамыған жүйелерде әсіресе рәсімнің жүргізілу тиімділігіне мүдделі кредитор мүшелеріне жүктелетін өкілеттіктер уәкілетті органға берілген деп бірнеше рет атап өтті. Бұл сондай-ақ біздің елімізде мемлекеттік органдардың артық рұқсат беру функцияларын қысқартуға бағытталған жалпы саясатқа сәйкес келеді. Осыған орай заң жобасымен кредиторлар жиналысына мынадай функцияларды беру көзделеді:

- ✓ банкроттық басқарушының кандидатурасын таңдау;
- ✓ қорытынды есепті келісу;
- ✓ кредиторлар комитетінің құрамын құру және бекіту;
- ✓ банкроттық рәсім мерзімін ұзартуды келісу.

- **Мүлікті заттай беру жолымен кепілді кредитордың талаптарын өтеу тетігін енгізу (9-слайд)**

Заң жобасы кепіл мүлкін беру жолымен кепілді кредитор талаптарын өтеудің қосымша тетігін енгізеді. Кепіл мүлкін алуға кепілді кредитордың келісімі болған жағдайда әлеуметтік кезектегі барлық талаптарды және кепіл мүлкін сақтауға және күтіп-ұстауға байланысты әкімшілік шығыстарды міндетті түрде алдын ала өтеу шарт болып табылады. Кепіл мүлкін заттай алудан бас тартқан жағдайда мұндай мүлік мүліктік массаның құрамына қосылады және аукцион арқылы өткізілуге жатады. Мұндай жағдайда кепілді кредитордың талаптарын өтеу кезектілік тәртібімен жүргізіледі.

Қолданыстағы «Банкроттық туралы» Заңның мұндай нормалары жоқ, яғни кепіл мүлкі кез келген жағдайда конкурстық мүлік құрамына енгізіледі және іске асыру мүмкін болмаған жағдайда (сатып алушылардың болмауы) заттай түрінде (кезектілік тәртібімен) ұсынылуы мүмкін.

2. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне банкроттық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы

- Жобада **сегіз кодекске** (Азаматтық кодекс (Негізгі бөлім), Азаматтық кодекс (Ерекше бөлім), Азаматтық іс жүргізу кодексі, Салық кодексі, Қылмыстық кодекс, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексі, Бюджет кодексі, Кеден кодексі) өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделеді (*11-слайд*).

Заң жобасымен **алты кодекске** редакциялық сипатта ғана өзгерістер енгізіледі.

- Жобада **жиырма төрт** заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделеді («Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы», «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы», «Шаруашылық серіктестіктері туралы», «Ұлттық мұрағат қоры

және мұрағат туралы», «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Қаржы лизингі туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы», «Сақтандыру қызметі туралы», «Тұтыну кооперативі туралы», «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы», «Банктер және банк қызметтері туралы», «Өндірістік кооператив туралы», «Мақта саласын дамыту туралы», «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы», «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы», «Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы», «Жеке кәсіпкерлік туралы», «Инвестициялық қорлар туралы», «Астық туралы», «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы», «Бәсекелестік туралы», «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы») **(12-слайд)**

Заң жобасымен **он алты заңға** редакциялық сипаттағы өзгерістер ғана енгізіледі.

- **Редакциялық түзетулер заңның атауын өзгертуге және «Оңалту және банкроттық туралы» Заңның ұғымдық аппаратын оңтайландыруға байланысты (13-слайд)**

Атап айтқанда мынадай ұғымдар өзгертілді:

- ✓ Конкурстық масса → Мүліктік масса
- ✓ Конкурстық өндіріс → Банкроттық рәсімі
- ✓ Конкурстық басқарушы → Банкроттық басқарушы

(14-слайд) Негізгі өзгерістер мыналар:

- **Банкроттық рәсіміне қатысушылардың жауапкершілігін күшейту**

Жобада әкімшілік заң бұзушылық құрамына енетін бұзушылықтардың түрлерін кеңейту көзделген. Атап айтқанда, түгендеу жүргізу туралы заңның талаптарын орындамау немесе дұрыс орындамау, борышкердің мүлкін бақылауға және қорғауға алу, сату жоспарын және қорытынды есеп жасау, сондай-ақ уәкілетті органға және кредиторларға банкроттық рәсімінің жүзеге асырылуы туралы ақпаратты ұсынбау жағдайларында банкроттық басқарушының әкімшілік жауапкершілігін енгізу ұсынылады *(15-слайд)*.

Көрсетілген түзетулерді енгізу кредиторлардан шағымдар түскен жағдайда мемлекеттің кредиторлар басқарушыға іс жүзінде әсер ету тетігі жоқ, бұл қажет болған жағдайларда кредиторлардың (салық органдары ретіндегі кредиторларды қоса алғанда) құқығын қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді. Бұл ретте, банкроттық рәсімінде басты мақсат борышкердің мүлігі есебінен кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру болып табылады, яғни басқарушының өзі іс жүзінде ешқандай мүліктік тәуекелге бармайтынын ескеру қажет, осыған байланысты оның жауапкершілігін күшейту қажеттігі туындайды.

Сондай-ақ бухгалтерлік және өзге де есептік құжаттар ұсынылмаған және оларды қалпына келтіру әрекеттерін қабылданбаған жағдайларда борышкердің лауазымды тұлғаларына қатысты әкімшілік жауапкершілікті енгізу ұсынылады *(16-слайд)*.

Бұл есеп құжаттамасының болу-болмауына қарамастан банкроттыққа ұшырату жағдайларының санын азайтуға мүмкіндік беруі тиіс, өйткені оның (есептік құжаттаманың) болмауы іс жүзінде заңсыз қызметті жасыруға, мүлікті шығаруға, жалған мәміле жасауға және т.б мүмкіндік береді. Осы норманы енгізу және лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін одан күшейту жасалған құқық бұзушылықтарға жазадан құтылмаушылық қағидатының әсерін қамтамасыз ету қажет.

2012 жылғы 9 қарашадағы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекске түзетулер Әкімшілік заңнаманы жетілдіру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның жетінші отырысында мақұлданды.

- **Сот тәртібімен субсидиарлық жауапкершілікке немесе қасақана және жалған банкроттыққа тартылған тұлғалар үшін бір жыл көлемінде тіркелуге тыйым салуды енгізу.**
- **Құқық қорғау органдарының өндірістегі және қозғалған қылмыстық іс туралы мәліметтер беруі.**
- **Әділет органдарының жылжымайтын мүлік объектілері туралы құқықтық кадастрдан мәліметтер және оны иеліктен шығару жөніндегі құжаттардың көшірмесі беруі.**
- **Азаматтық кодекстен банкроттық кезіндегі кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру кезектілігін реттейтін норманы алып тастау.**

Нормалар Азаматтық кодекстен және банкроттық туралы заңнамадан кезектіліктің қайталануын болдырмау мақсатында әзірленді.

- **Кәсіпорындардың қызметін реттейтін заңдардағы кәсіпорынды басқару өкілеттігінің басқарушыға ауысуы туралы ережелерді нақтылау**

Бұл нормалар банкрот деп танылған заңды тұлғаның жалғыз заңды өкілі болып табылатын басқарушыға сұрау салынған ақпаратты беруден бас тартып отырған мемлекеттік және өзге кәсіпорындардың заңсыз әрекеттерін болдырмауға бағытталған.

Заң жобасын қабылдау бюджеттен қосымша шығыстарға әкеп соқтырмайды және әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан оң әсерін тигізуі тиіс, атап айтқанда:

- ✓ қиын қаржылық жағдайға тап болған кәсіпорындар бойынша уақтылы шешімдер қабылдауға және мүлкі жоқ кәсіпорындардың банкроттыққа түсу жағдайларын қысқартуға (*борышкердің банкрот деп*

тану туралы сотқа жүгіну туралы міндеткерліктің енгізілуі салдарынан);

✓ *қасақана банкроттықтың санын қысқартуға (борышкелдің лауазымды тұлғалары үшін субсидиарлық және әкімшілік жауапкершілік енгізілу салдарынан);*

✓ *басқарушылардың жұмыс сапасын жақсартуға (әкімшілік құқық бұзушылық құрамына кіруге жататын бұзушылықтардың түрлерін кеңейту, сондай-ақ есептеу тәртібін және қосымша сыйақы төлеуді қайта қарауға байланысты ынталандыру есебінен);*

✓ *рәсімдерді жүргізу сапасын және кредиторларды қанағаттандыру дәрежесін арттыру, сондай-ақ «Doing Business» дүниежүзілік банкінің «Кәсіпорындарды тарату» және «Кредиттер алу» индикаторлары бойынша рейтингінде Қазақстанның алатын орнын жақсартуға (кредиторлар жиналысының институтын, кепіл ұстаушыға кепілдік мүлікті өткізу тетігін енгізу және т.б салдарынан) мүмкіндік береді*

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ